

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

В первую очередь, как мы полагаем, это будет страховой сектор и рынок ценных бумаг. Общий рынок позволит страховщикам работать по единым правилам, которые будут также гармонизированы и для участников страхового рынка. Это позволит снизить барьеры и ограничения, которые сейчас существуют на национальных рынках наших стран. [4]

Развитие страхового рынка должно повысить экономическую стабильность общества и уровень социальной защищенности граждан, обеспечить сглаживание проблемных ситуаций, возникающих в различные периоды экономических циклов. Снижая угрозу капитальным ресурсам, что связано с материальными ценностями, а также решая проблему защиты трудовых ресурсов общества, страховой рынок выступает в качестве элемента рыночной инфраструктуры, который реализует важные функции реализации интересов экономических субъектов через стабилизацию процесса общественного производства и формирование надежной и устойчивой хозяйственной среды.

Надо также отметить, что создание общего рынка приведет к усилению конкуренции между участниками страхового рынка, что в дальнейшем будет способствовать улучшению качества услуг и, возможно, удешевлению некоторых из них. [1]

Список использованных источников:

1. Деловой журнал «Exclusive». Ссылка: <http://exclusive.kz/strah.html>
2. Казахстанский портал о страховании. Ссылка: <http://www.allinsurance.kz/>
3. Небольсина Е.В. Сопоставительный анализ становления страховых рынков стран-членов ЕврАзЭС / Е.В. Небольсина // Страховое дело. - 2011. - №4. - С. 3-10.
4. Первые шаги по созданию единого страхового рынка ЕАЭС. Ссылка: http://bnews.kz/ru/news/tamojennyi_soyuz/spetsproekti/tamojennyi_soyuz/mi_uzhe_delaem_pervie_shagi_po_sozdaniyu_obshchego_strahovogo_rinka_eek-2014_06_26-911013
5. Российско-Казахстанское сотрудничество: текущее состояние и перспективы. Ссылка: <http://www.inform.kz/kaz/article/2673949>

ӘОЖ 658.15 (574)

КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҢТАЙЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кандыгулова Гульдана Казиевна

guldanajonas@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к. Бұлақбай Ж.М.

Капитал теориясында капитал құнының концепциясы негізгілерінің бірі. Ол инвестицияланған капиталдың рентабельділік деңгейін сипаттайды. Капитал иелеріне ақшалай төлемдердің мөлшерін анықтауды қарастырады. Фирманың капитал құны – қаражаттар көзін сипаттайды. Капитал құнының санды мөлшері меншік иелері мен инвесторлар алдындағы қарыздарды өтейтін процентпен өлшенетін шығындар көрсеткіші.

Капитал құрылымын анықтағанда:

- біріншіден, ұзақмерзімді перспективалар позициясынан коммерциялық ұйымның қызметін сипаттайды. Себебі коммерциялық ұйымның меншікті капитал құны инвесторлар тарту үшін маңызды. Кейбір қарыз көздерінің құны компанияның ұзақмерзімді капиталды тарта алатын мүмкіншілігін сипаттайды;

- екіншіден, фирманың орташа салмақты капитал құны күрделі салымдар бюджетін құру кезіндегі маңызды көрсеткіш.

Қандай да болсын компания қызметін бірнеше түрлі көздерден қаржыландырылады. Әр қаржыландыру көзінің құны әр түрлі болғандықтан компанияның капитал құнының орташа салмақталған арифметикалық формула бойынша анықталады.

Компания капитал құрылымының теориясы: Модильяни-Миллер үлгісі. Модильяни және Миллер Нобель премиясының лауреаттары. Олардың пікірлері бойынша қандай да болса кәсіпорынның құны оның болашақтағы табысымен анықталады. Яғни капитал құрылымынан тәуелсіз (меншік және қарыз қаражаттарының арақатынасы). Ол мінсіз капитал нарығының концепциясына негізделеді. Әрі қарай табыс салығының әсерін ескере осы теорияға байланысты мына тұжырымға келді: «Кәсіпорынның акция құны үзіліссіз қарыз капиталының өсуіне байланысты өсуге тиісті».

Модельге осындай факторды (қаржылық қиыншылықтардың шығындары пайда болу капитал құрылымының қолайсыз болуына байланысты) белгіленген мөлшерге дейін қарыз капиталының үлесінің өсуіне салықтық төлемдердің үнемі есебінен қамтамасыз етіледі.

Қарыз капиталының өсу барысында белгілі бір сәтте кәсіпорынның құны төмендей бастайды. Себебі салықтық үнем қаражаттар көзінің құрылымының тәуекелділігімен байланысты шығындарға әкеледі. Модификацияланған теория мынаны білдіреді:

1. Қарыз капиталының белгіленген үлесінің болуы кәсіпорынға пайдалы.

2. Қарыз капиталын аса көп мөлшерде пайдалану зиянды.

3. Әр кәсіпорын үшін қарыз капиталының оптималды мөлшері болады.

Модильяни және Миллер дивидендтер теориялары бойынша капиталдың мінсіз нарығының болуынан басқа келесілерді қарастырады:

1. Дивидендтерді төлеу саясаты кәсіпорынның капитал салымы бюджетіне әсер етпейді.

2. Инвесторлардың барлық іс-әрекеттері рационалды. Өйткені олар байлықтың төмендеуі емес, өсуін қалайды.

$$R(t) = P(t) - I(t) + V(t+1) \quad (1)$$

$R(t)$ – t кезеңіндегі акционерлердің жалпы табысы;

$P(t)$ – t кезеңіндегі компанияның табысы;

$I(t)$ – t кезеңіндегі инвестициялар;

$V(t+1)$ – $(t+1)$ кезеңіндегі барлық акциялардың құны [1].

Компания қызметінің нәтижелілігі пайдаланылатын капитал құрылымына айтарлықтай дәрежеде тәуелді. Капитал құрылымы дегеніміз компания өз қызметінде пайдаланатын меншікті және қарыз қаржы құралдарының арақатынасы. Меншікті және қарыз қаржы құралдарының арақатынасы компанияның нарықтық құнын барынша арттыруға мүмкіндік беретін басты факторлардың бірі болып табылады.

Меншікті капиталдың төмендегідей негізгі кемшіліктері бар:

- тарту көлемінің шектеулілігі;

- капитал қалыптастырудың баламалы қарыз көздерімен

салыстырғанда құнның жоғарылығы;

- меншікті капиталдың пайдалылық коэффициентінің қарыз қаржы

құралдарын тарту есебінен өсу мүмкіндігінің пайдаланылмауы.

Сөйтіп, тек өз меншікті капиталын ғана пайдаланатын компания қаржылық жағынан ең тұрақты болады, бірақ өзінің даму қарқынын шектейді және салынған капиталға пайданың, өсуі қаржылық мүмкіндігін пайдаланбайды, Қарыз капиталдың төмендегідей жақсы ерекшеліктері бар:

- компанияның әсіресе жоғары несиелік рейтингі, кепілзаты немесе кепілдемесі бар кезінде мүмкіндіктері барынша мол;

- оның активтерін айтарлықтай кеңейту және онын шаруашылық қызметі көлемінің өсу қарқынын арттыру қажет болғанда компанияның қаржылық қуатынын, өсуін қамтамасыз етеді;

- салықтық қалқан» тиімділігін қамтамасыз ету есебінен меншікті капиталмен салыстырғанда құны неғұрлым төмен;

- қаржылық пайдалылықтың өсімін жинақтау қабілеттілігі (меншікті капитал пайдалылығының коэффициенті).

Өз кезегінде қарыз капиталын пайдаланудың, мынандай кемшіліктері бар:

- бұл капиталды пайдалану компанияның шаруашылық қызметінде неғұрлым қауіпті қаржылық тәуекелдерді - қаржылық тұрақтылықты азайту және төлемқабілеттілігін жоғалту тәуекелдерін жинақтайды;

- қарыз капиталының есебінен қалыптасқан активтер төленетін пайыз сомасына азаятын төмен пайда нормасын жинақтайды;

- қарыз капиталының қаржы нарығы жағдайының құбылысына барынша тәуелділігі.

Кейбір жағдайда, нарықта орташа пайыз мөлшерлемесінің төмендеуінен бұрын алынған несиені (әсіресе ұзақ мерзімді негізде) пайдалану - неғұрлым арзан баламалы несие ресурстарының көзі болуына байланысты кәсіпорынға пайдасыз болып шығады;

Дегенмен қарыз капиталын пайдаланушы компаниялардың қаржылық даму әлуеті және қызметінің қаржылық пайдалылығының өсу мүмкіндіктері жоғары, алайда қарыз капиталы пайдаланбайтын компанияларға қарағанда қаржылық тәуекелі мен банкрот болу қаупі жоғары мөлшерде жинақталады. Сондықтан қаржы менеджментінің теориясы мен практикасының өзекті міндеттерінің бірі - капиталдың оңтайлы құрылымын таңдап алу, яғни меншікті және ұзақ мерзімді қарыз арақатынасын анықтау болып табылады [2].

Капиталдың оңтайлы құрылымы деп әдетте компанияның, нарықтық құнын барынша көбейтетін, демек инвесторлар үшін барынша тартымды капитал комбинациясын айтамыз.

Мақсатты көрсеткіш ретінде компанияның нарықтық құны пайдаланылатын себептер бірнешеу:

- Көрсеткіш ақша ағынын дисконттау әдісімен есептелуі мүмкін, бұл компанияның барлық ақша ағынынескеруге және басқаруға мүмкіндік береді;

- Көрсеткіш қаржыландыру тәуекелін ескеруге мүмкіндік береді;

- Көрсеткіш компанияны басқарудың ұзақ мерзімді (стратегиялық) жоспарында оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді;

- Көрсеткішті пайдалану акционерлердің ғана емес, басқа да мүдделі тараптар: инвесторлар, несиегерлер, компания қызметшілерінің де тұрмыс жағдайының жақсаруына көмектеседі;

- Көрсеткіш компания менеджментінің қызметін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Капитал құрылымының үлгілері.

- Капиталдың оңтайлы құрылымын анықтау үшін онда қаржылық тәуелділіктің оңтайлы деңгейі барлығынан және осы өндірістік секторға тән іскер тәуекел дәрежесіне үлкен тәуелді болатындығынан бастау керек. Нақты бір компанияның қызметін есепке алған, өйткені бір сала компанияларында капиталдың оңтайлы құрылымдары әр түрлі болуы мүмкін. Компанияның операциялық қызметінің салалық ерекшеліктері оларды есепке алу капитал құрылымын мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін факторлардың бірі болып табылады. Қаржы нарығы жағдайының деңгейі қарыз капиталының құнындағы өзгерістерді назарда ұстауға мүмкіндік береді. Операциялық қызмет пайдалылығының деңгейі компанияның несиелік рейтингін қалыптастырады. Пайдаға салық салу деңгейі меншікті және қарыз капиталы құнының айырмашылығына себепші болады [3].

Іс жүзінде капитал құрылымының статистикалық үлгілері көп қолданылады, осы үлгілермен сипаттаймыз.

Алдымен қаржылық тетік артқанда орташа өлшемді құн азаяды, өйткені меншікті капитал құнының өсуі неғұрлым арзан қарыз құралдарын пайдаланудың орнын толтыра алмайды. Қаржылық тетікті орынды пайдалану нәтижесінде капиталдың орташа өлшемді құны азаяды.

Компания капиталының бағасы көптеген факторлардың ықпалы арқылы анықталады:

- қаржылық ортаның жалпы жағдайы;

- тауарлар рыногының конъюктурасы;

- қаржы рыногында қалыптасқан орташа ссудалық ставка проценті;
- компания операцияларының рентабельділігі;
- меншік капиталының шоғырлану деңгейі;
- операцияларды орындауда тәуекел деңгейі;
- компания жұмысының салалық ерекшеліктері [4].

Капитал құнын анықтау қажеттілігі келесі жағдайлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, бұл көрсеткіш кәсіпорын қызметін ұзақ мерзімді перспективасы тұрғысынан сипаттайды. Мәселен, меншікті капиталдың құны потенциалды инвесторлар үшін инвестициялар салудың тартымдылығын көрсетеді; қарыз қаражаттардың құны кәсіпорынның ұзақ мерзімді несиелер тарту мүмкіндіктерін анықтап береді.

Кесте 1- Капитал құрылымының статистикалық үлгілері

Белгісіздік	Дәстүрлі үлгі	Модильяни-Миллер үлгісі	Ымыралы үлгі	Иерархия үлгісі
Ғылыми негіздеме	Жоқ. Оңтайлы Құрылым әрбір жеке компанияның тәжірибесі арқылы анықталады	Ғылыми негізделген жалғыз теория болып есептеледі	Ғылыми негізі болмайды	Ғылыми негізі болмайды
Шектеулердің болуы	Капиталдың оңтайлы құрылымын қалыптастыру жөнінде нақты шектеулері жоқ	Біркатар қатаң Шектеулер сақталған жағдайда болады	Капиталдың, Оңтайлы құрылымын қалыптастыру жөнінде нақты шектеулері жоқ.	Капиталдың оңтайлы құрылымын қалыптастыру жөнінде нақты шектеулері жоқ;
Тәуекелдерді ескеруі	Қаржылық және іскерлік тәуекелдерді ескереді	Капитал тартуға байланысты Тәуекелдерді ескереді	Қарыз капиталын тарту кезіндегі тәуекелдерді ескереді.	Компания тәуекелдерін барынша азайтады
Оңтайлы Құрылымды іздеу ұсыныстары	Оңтайлы құрылымның барлығын көрсетеді, бірақ осы құрылымды іздестіруге нақты ұсыныстар бермейді	Капиталдың оңтайлы құрылымын іздеу жөнінде ұсыныстар береді	Нақты компанияға меншікті және қарыз капиталының ең жақсы үйлесімін есептеуге мүмкіндік бермейді, бірақ шешім қабылдау үшін жалпы ұсыныстар қалыптастырады	Борыш пен меншікті капиталдың, қандай да бір жоспарлы ара қатынасы болмайды

Компания құнын барынша арттыру мүмкіндіктері	Компанияның жыл сайынғы табысы мен капиталының бағасын барынша ұлғайтатын капиталдың оңтайлы құрылымын анықтайды	Компания құнын барынша ұлғайтатын қаржыландыру тәсілін тандауға мүмкіндік береді	Акционерлік капиталдың, қуны шұғыл есуінен қарыз 100%-ға жак.ындаған кезде компания капиталының құны барынша көтеріледі	Компания қунын барынша ұлғайтуға ұмтылмайды
*Ескерту: С.С.Носова. Экономическая теория. – М.: КНОРУС, 2007. – 208 б.				

Екіншіден, капиталдың жалпы (орташа салмақталған) құны капитал салымдарының бюджетін әзірлеу барысында шешуші көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Үшіншіден, капитал құны қаржылық инвестициялардың тиімділігін қалыптастыруда базалық көрсеткіш ретінде қарастырылады. Инвестициялардың тиімділік өлшемін кәсіпорын өзі белгілейтіндіктен, жекелеген қаржы құралдарының табыстылығын бағалау барысында салыстыру базасы ретінде капитал құнының көрсеткіші қолданылады. Бұл көрсеткіш қаржылық инвестициялардың нақты табыстылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар осы инвестициялардың нақты бағыттары мен түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, кәсіпорын капиталының құны қаржылық леверидж механизмін қолдану арқылы капитал құрылымын басқару барысында қолданылады. Қаржылық леверидждің деңгейі қарызға тартылған қаражаттардың көлемі мен олардың құнынан тәуелді. Қаржылық леверидж кәсіпорынның қаржылық тәуекелін арттырады, сәйкесінше акциялар бойынша табыстың артуына алып келеді. Сол себепті, акционерлердің игілік жағдайын барынша арттыруды мақсат ете отырып, осы мақсатқа қол жеткізетін капитал құрылымын қалыптастыру керек. Сәйкесінше, капитал құрылымын кәсіпорын құнына әсер етуі тұрғысынан қарастыру қажет. Оңтайлы капитал құрылымы оның құны барынша төмен болған жағдайда қалыптасады [5].

Айта кету керек, барлық айтылған анықтамалар бірін-бірі толықтырып отырады. Бір топ тек экономикалық жағын ғана тіркесе, екінші топ натуралды (табиғи) жағын тіркейді. Ресурстарды қолдану мақсатына байланысты капиталды марксистік түсіндірмеге сәйкес қарым-қатынас ретінде қарастыруға болады. Алайда, бұл орайда тағы да айта кету керек, осы түсіндірме капиталдың тек қана экономикалық қарым-қатынас ретінде ғана емес, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық шарттармен байланысты заңи қарым-қатынастар ретінде пайда болуын көрсетеді. Осыдан келіп, капиталдың алуан түрлерін атап айтуға болады. Ең алдымен, капитал-меншік және капитал-функция қарым-қатынастарын айыруды үйрену керек. Капитал – меншік өз иесіне заңды құқық арқылы иелену, пайдалану үшін бекітілген, табыс әкелетін мүлік ретінде айтылады. Фишер, Кларк, Вальрастың анықтамалары капиталды дәл осы меншік тұрғысынан қарастырады. Капитал функция дегеніміз басқа факторлармен бірге қосыла отырып өндірістің негізі болып табылатын өндіріс факторы (А.Хайман, П.Хейне, П.Самуэльсон). Алайда, капитал-меншік ретінде де, капитал-функция ретінде де көріне отырып, капитал табыс әкелетін, өзінен-өзі өсіп отыратын құн бола тұрып өз мәнін өзгертпейді. Нарықтық жағдайларда қаржыны басқару принциптері компаниялар үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Стратегиялық даму тұрғысынан компания шеңберінде қаржыны басқарудың негізгі мақсаты – компанияның нарықтық бағасын арттыру. Компанияның нарықтық бағасының өсуі оның табысты қызметінің нәтижесі және әрі қарай даму үшін қаржы ресурстарын тартудың алғы шарты болып табылады. Қаржыландырудың қандай да бір көзін тарту компания үшін шығындармен байланысты: акционерлерге дивидендтер төлеу, банктерге – несие бергені үшін пайыздар, инвесторларға – капитал салымдары үшін пайыздық табыстар және т.с.с. төлемдер мен шығындар. Қандай-да бір қаражат көзін тартуға байланысты жұмсалған шығындардың жалпы сомасы капитал құнын анықтайды.

Капитал бағасының концепциясы қаржы менеджменті теориясының базалық негізі болып табылады. Бұл концепция тек қаражаттар тартуға байланысты шығындарды есептеп қоюмен ғана сипатталмайды. Компанияның инвестицияланған капиталы компанияның нарықтық құнын арттыруға қол жеткізетін табыстар алып келуі керек.

«Компания капиталының бағасы» және «компанияның нарықтық бағасы» ұғымдарының арасында өзара байланыс бар. Компания капиталының бағасы акционерлердың, кредиторлардың және инвесторлардың алдындағы міндеттемелерді өтеу бойынша шығындарды сипаттайтын қатысты (салыстырмалы) көрсеткіш болып табылады. Компания бағасы акционерлік және қарыз капиталдардың құндық бағасын абсолюттік көрсеткіш бойынша сипаттайды [6].

Капитал бағасын анықтау қажеттілігі келесі жағдайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл көрсеткіш компания қызметін ұзақ мерзімді перспективасы тұрғысынан сипаттайды. Мәселен, меншікті капиталдың құны потенциалды инвесторлар үшін инвестициялар салудың тартымдылығын көрсетеді; қарыз қаражаттардың құны компанияның ұзақ мерзімді несиелер тарту мүмкіндіктерін анықтап береді.

Екіншіден, капиталдың жалпы (орташа салмақталған) бағасы капитал салымдарының бюджетін әзірлеу барысында шешуші көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Үшіншіден, капитал бағасы қаржылық инвестициялардың тиімділігін қалыптастыруда базалық көрсеткіш ретінде қарастырылады. Инвестициялардың тиімділік өлшемін компания өзі белгілейтіндіктен, жекелеген қаржы құралдарының табыстылығын бағалау барысында салыстыру базасы ретінде капитал құнының көрсеткіші қолданылады. Бұл көрсеткіш қаржылық инвестициялардың нақты табыстылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар осы инвестициялардың нақты бағыттары мен түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, компания капиталының бағасы қаржылық леверидж механизмін қолдану арқылы капитал құрылымын басқару барысында қолданылады. Қаржылық леверидждің деңгейі қарызға тартылған қаражаттардың көлемі мен олардың құнына тәуелді. Қаржылық леверидж компанияның қаржылық тәуекелін арттырады, сәйкесінше акциялар бойынша табыстың артуына алып келеді. Сол себепті, акционерлердің игілік жағдайын барынша арттыруды мақсат ете отырып, осы мақсатқа қол жеткізетін капитал құрылымын қалыптастыру керек. Сәйкесінше, капитал құрылымын компания бағасына әсер етуі тұрғысынан қарастыру қажет. Оңтайлы капитал құрылымы оның бағасы барынша төмен болған жағдайда қалыптасады [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кадрова Н.Н. Корпоративтік қаржы: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2010 ж.
2. «Қазақстанның 2010-2014 жылға үдемелі индустриалды-инновациялық даму» Бағдарламасы.
3. Володина А.А. Управление финансами. Финансы предприятий: Учебник. – 2-е изд. – Москва: ИНФРА-М, 2012. – 510 с (Высшее образование).
4. Л.М.Бурмистрова Финансы организаций (предприятий): Учеб.пособие. – Москва: ИНФРА-М, 2009. – 240 с. – (высшее образование).
5. Абленова Д.О. Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 544 бет 150 бет
6. Володина А.А. Управление финансами. Финансы предприятий: Учебник. – 2-е изд. – Москва: ИНФРА-М, 2012. – 510 с (Высшее образование).
7. «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журнал // №3, 2010 ж.